

**"Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 қаңтардағы № 96 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 12 ақпанда тіркелді. N 1400. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Ескерту. ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 96 Қаулысының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногын жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755\_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады)

### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" V980707\_ Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 наурызда 707 нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларына ("Рынок и право". "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналына қосымша, 1999 ж., N 3(4), 7-13-бет; N 7(8), 4-5-бет; N 9(11), 12-бет; 2000 ж., N 2(3), 18-бет):

32-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші азатжолмен толықтырылсын:

"Осы тармақтың төртінші азатжолында белгіленген талап тұрпаты бойынша осы Қағидаларға және Сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарына толық сәйкес өзінің функциясын орындайтын, оның ішінде оның осы акцияларды сатып алудың және сатудың Сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген әдеттегі (арнайы осы маркет-мейкер үшін айқындалған) өлшемнен аспайтын мөлшерде жариялаған бағалары арасындағы спрэдтерді (айырмашылықтарды) қамтамасыз ететін маркет-мейкер бар акцияларға қолданылмайды."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері